

4-блок. Кеңестік кезеңдегі Қазақстан

4.1 Қазақстан азаматтық-саяси қарсыластық жылдарында - 1 сағат

Дәріс жоспары:

1. Қазан төңкерісі және Қазақстандағы саяси өмір
2. Алаш автономиясының құрылуы. Түркістан (Қоқан) автономиясы үкіметінің құрылуы
3. Қазақ жерлерінің Қазақ Автономиялық Кеңестік Социалистік Республикасының құрамына қосылуы
4. Қазақстандағы жаңа экономикалық саясат (ЖЭС)

Қазан төңкерісі және Қазақстандағы саяси өмір. Кеңес өкіметінің орнауы. Ресей халықтарының құқықтары Декларациясының жариялануы. Желтоқсандағы Жалпықазақ съезі. Алаш автономиясын құру туралы шешім. Түркістан (Қоқан) автономиясы үкіметінің құрылуы. Мұстафа Шоқайдың естеліктері. Алаш және Қоқан автономиясы билік органдарының жойылуы. Қазақ өлкесіндегі «ақтар» мен «қызылдардың» қарсыластығы. Алашорда үкіметінің қазақ ұлттық әскерінің іс-қимылдары. Қазақ аумағында әскери іс-қимылдардың тарауы. «Соғыс коммунизмі» саясаты. Алашорда үкіметіне амнистия жариялануы. А. Байтұрсынұлының В.И. Ленинге жазған хаттарында большевиктік идеяларды сынауы. Қырғыз (Қазақ) Автономиялық Кеңестік Социалистік Республикасының құрылуы. Қырғыз (Қазақ) АКСР-інің аумақтық шекарасы мәселелерінің әкімшілік-әміршілдік тұрғыда шешілуі. Қазақ АКСР және Түркістан АКСР. Біртұтас Түркістан идеясының жеңілуі. Т. Рысқұлов пен М. Сұлтанғалиев. Қазақстанда большевиктік режимнің қалыптасуы. Түркістан республикаларының ұлттық-мемлекеттік межеленуі – біртұтас Түркістан идеясының күйреуі. Қазақ жерлерінің Қазақ АКСР-іне қосылуы. Қазақстандағы жер-су реформасы. Қазақстандағы жаңа экономикалық саясат. ЖЭС мазмұны және оны жүзеге асыру ерекшеліктері. 1921-1922 жылдардағы Қазақстандағы ашаршылық. Қазақ зиялыларының ашаршылыққа қарсы күресі.

Ұсынылатын әдебиеттер

Негізгі әдебиет:

1. Омарбеков Т.О. Қазақстан тарихының XX ғасырдағы өзекті мәселелері. – Алматы: Өнер, 2003. – 552 б.
2. Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. – Алматы: Мектеп, 2017. – 656 б.
3. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық, 4 - том. – Алматы: «Атамұра», 2010. – 752 б.
4. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық, 5 - том. – Алматы: «Атамұра», 2010. – 688 б.
5. Алаш қозғалысы. Мәселенің зерттелу тарихынан. Құжаттар мен материалдар жинағы.

1918 – 2007 жж. Движение Алаш. Из истории изучения вопроса. Сборник документов и

материалов. 1918 – 2007 гг. Алматы.: "Ел – шежіре", 2007. Т. 4. – 472 б.

6. Койгелдиев М.К. Сталинизм и репрессии в Казахстане 1920 – 1940-х годов. – Алматы,

2009. – 448 с.